

Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны
Экологиялық мониторинг департаменті



ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ АБАЙ ОБЛЫСТАРЫ БОЙЫНША ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ЖАЙ- КҮЙІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНІ

Сәуір
2026 ЖЫЛ

Өскемен, 2026 ж.

МАЗМҰНЫ		Бет
	Кіріспе	3
1	Атмосфералық ауаның ластануының негізгі көздері	4
2	Атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	4
3	Атмосфералық жауын-шашын сапасының жай-күйі	13
4	Жерүсті сулары сапасының жай-күйі	14
5	Гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша жерүсті сулары сапасының жай- күйі	16
6	Топырақтың ластану жай-күйі	22
7	Радиациялық жай-күйі	22
	Қосымша 1	24
	Қосымша 2	27
	Қосымша 3	28
	Қосымша 4	31
	Қосымша 5	32
	Қосымша 6	34
	Қосымша 7	35
	Қосымша 8	36

Кіріспе

Ақпараттық бюллетень Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желісінде қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу бойынша «Қазгидромет» РМК мамандандырылған бөлімшелері орындайтын жұмыстардың нәтижелері бойынша дайындалған.

Бюллетень ШҚО (Өскемен қ., Риддер қ., Алтай қ. және Глубокое кенті, Шемонаиха қ.) және Абай облыстарының (Семей қ., Аягөз қ., Ауэзов кенті) аумағындағы қоршаған ортаның жағдайы туралы мемлекеттік органдарды, жұртшылықты және халықты ақпараттандыруға арналған және ластану деңгейінде болып жатқан өзгерістер үрдісін ескере отырып, ҚР Қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шаралардың тиімділігін одан әрі бағалау үшін қажет.

1. Атмосфералық ауаның ластануының негізгі көздері

Шығыс Қазақстан облысының атмосфералық ауасына ластаушы заттардың түсуінің негізгі көздері өнеркәсіп кәсіпорындары, автокөлік және жеке сектор (тұрғын үйлер) болып табылады.

Облыс бойынша қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын бірінші, екінші, үшінші санаттағы кәсіпорындар жұмыс істейді.

2. Атмосфералық ауа сапасының жай-күйі

Шығыс Қазақстан облысының атмосфералық ауаның сапасына мониторингі

Шығыс Қазақстан облысы аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 17 бақылау бекетінде жүргізіледі, оның ішінде қолмен сынама алынатын 1 бекетте, қолмен сынама алынатын/автоматты 5 бекетте, 11 автоматты станцияда және жылжымалы экологиялық зертхана көмегімен Өскемен қаласының ішінде 4 нүктеде (Қосымша 1).

Жалпы облыс бойынша 23 көрсеткіш анықталады: 1) қалқыма бөлшектер (шаң); 2) РМ-2,5 қалқыма бөлшектері; 3) РМ-10 қалқыма бөлшектері; 4) күкірт диоксиді; 5) көміртегі оксиді; 6) азот диоксиді; 7) азот оксиді; 8) фенол; 9) күкіртсутегі; 10) фторлы сутегі; 11) бенз(а)пирен; 12) хлорлы сутегі; 13) формальдегид; 14) хлор; 15) күкірт қышқылы; 16) озон; 17) аммиак; 18) қорғасын; 19) мырыш; 20) кадмий; 21) мыс; 22) бериллий; 23) гамма сәулеленуінің эквивалентті дозасының қуаттылығы (гамма-фон).

Шығыс Қазақстан облысының атмосфералық ауаның сапасына мониторинг нәтижелері

Өскемен қаласындағы атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** деп бағаланды, ол ЕЖҚ=28% (жоғары деңгей) мәнімен хлорлы сутегі бойынша №1 (Рабочая к., 6) бекет ауданында және СИ=4,2 (көтеріңкі деңгей) мәнімен күкірт диоксиді бойынша №4 (Широкая к., 44) бекет ауданында анықталды*.

Риддер қаласындағы атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** деп бағаланды, ол ЕЖҚ=23% (жоғары деңгей) мәнімен азот диоксиді бойынша №6 (В. Клинка к., 7А) бекет ауданында және СИ=3,6 (көтеріңкі деңгей) мәнімен анықталды*.

*Қазақстан Республикасы атмосфералық ауасының ластануы мониторингісін ұйымдастыру және жүргізу" нұсқаулық-әдістемелік құжаты (15.07.2025 ж. №624-Ө бұйрығына 1-қосымша).

Глубокое кентіндегі атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деп бағаланды, ол СИ=0,5 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Алтай қаласындағы атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деп бағаланды, ол СИ=1,0 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Шемонаиха қаласындағы атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деп бағаланды, ол СИ=1,5 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен

анықталды.

Нақты мәндер, сондай – ақ сапа стандарттарынан асып кету жиілігі мен асып кету жағдайларының саны 1 – кестеде көрсетілген.

Кесте 1

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғары бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ _{м.б.} арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ _{о.т.} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.б.} асу еселігі		%	>	>5
					ШЖШ		ШЖШ	ШЖШ
Өскемен қ.								
PM-2,5 қалқыма бөлшектері	0,0008	0,02	0,0025	0,02				
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,0008	0,01	0,0029	0,01				
Күкірт диоксиді	0,0575	1,2	2,0939	4,2	5	157		
Көміртегі оксиді	0,3834	0,1	7,9611	1,6	0	16		
Азот диоксиді	0,0645	1,6	0,2208	1,1	3	116		
Азот оксиді	0,0225	0,4	0,3234	0,8				
Озон	0,0227	0,8	0,1081	0,7				
Күкіртсутегі	0,0029		0,0302	3,8	8	473		
Фенол	0,0023	0,8	0,0130	1,3	5	12		
Фторлы сутегі	0,0041	0,8	0,0190	1,0				
Хлор	0,0040	0,1	0,0800	0,8				
Хлорлы сутегі	0,0893	0,9	0,3900	2,0	28	70		
Күкірт қышқылы	0,0157	0,2	0,0980	0,3				
Формальдегид	0,00000	0,00	0,0000	0,00				
Аммиак	0,0006	0,6						
Бенз(а)пирен	0,000289	1,0						
Қорғасын	0,000029	0,1						
Кадмий	0,000577	0,01						
Мырыш	0,000029	0,01						
Мыс	0,000000 206	0,02						
Бериллий	0,0008	0,02	0,0025	0,02				
Риддер қ.								
Күкірт диоксиді	0,0353	0,7	0,8041	1,6	0	1		
Көміртегі оксиді	0,0133	0,004	4,3122	0,9				
Азот диоксиді	0,0627	1,6	0,7150	3,6	23	708		
Азот оксиді	0,0042	0,1	0,0271	0,1				
Күкіртсутегі	0,0019		0,0037	0,5				
Қорғасын	0,0068	0,2	0,0295	0,1				
Кадмий	0,000131	0,4						
Мырыш	0,000026	0,1						
Мыс	0,000391	0,01						
Бериллий	0,000022	0,01						

Глубокое к.								
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,0240	0,2	0,0600	0,1				
Күкірт диоксиді	0,0547	1,1	0,0830	0,2				
Көміртегі оксиді	0,4833	0,2	2,6638	0,5				
Азот диоксиді	0,0371	0,9	0,0900	0,5				
Фенол	0,0017	0,6	0,0037	0,4				
Алтай қ.								
Күкірт диоксиді	0,0200	0,4	0,4965	1,0				
Көміртегі оксиді	0,7198	0,2	4,8343	1,0				
Азот диоксиді	0,0035	0,1	0,1091	0,5				
Азот оксиді	0,0016	0,03	0,1488	0,4				
Шемонаиха қ.								
Күкірт диоксиді	0,0700	1,4	0,2855	0,6				
Көміртегі оксиді	0,5322	0,2	3,6034	0,7				
Азот диоксиді	0,0205	0,5	0,0570	0,3				
Күкіртеутегі	0,0026		0,0116	1,5				

Өскемен қаласында эпизодтық бақылаудың нәтижелері бойынша ең жоғары бір реттік ШЖШ шегінен асып кету жағдайлары тіркелмеді (Кесте 2).

Кесте 2

Атмосфералық ауаның сапасын эпизодтық өлшеу нәтижелері

Сынама алынатын нүктелердің атауы		Қалқыма бөлшектер (шаң)	Күкірт диоксиді	Көміртегі оксиді	Азот диоксиді	Фенол	Формальдегид
Н. Назарбаев және Абай даңғылдарының қиылысы	мг/м ³	0,09	0,114	2,0	0,19	0,0032	0,000
	ШЖШ еселігі	0,2	0,2	0,4	0,97	0,3	0,0
Мызы және Протозанов көшелерінің қиылысы	мг/м ³	0,10	0,069	3,0	0,19	0,0043	0,000
	ШЖШ еселігі	0,2	0,1	0,6	0,93	0,4	0,0
Қазақстан және Қабанбай Батыр көшелерінің қиылысы	мг/м ³	0,09	0,132	2,0	0,18	0,0029	0,000
	ШЖШ еселігі	0,2	0,3	0,4	0,92	0,3	0,0
Н. Назарбаев даңғылы және Гагарин Бульвары көшесінің қиылысы	мг/м ³	0,09	0,084	2,0	0,18	0,0029	0,000
	ШЖШ еселігі	0,2	0,2	0,4	0,92	0,3	0,0

Жоғары және экстремалды жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: Шығыс Қазақстан облысының елді-мекендерінде тіркелмеген.

2026 жылғы сәуір айындағы Шығыс Қазақстан облысында атмосфералық ауаның ластану деңгейін 2025 жылдың сәуір айымен салыстырғанда:

- өзгеріссіз — Алтай, Шемонаиха қалаларында және Глубокое кентінде;
- көтеріңкі деңгейден жоғарылады — Өскемен қаласында;
- төмен деңгейден жоғарылады — Риддер қаласында (Кесте 3).

Кесте 3

**Шығыс Қазақстан облысындағы ауаның ластану деңгейінің динамикасы
(2025–2026 жж. сәуір)**

Елді-мекен	Ластану деңгейі		Негізгі ластаушы заттар ШЖШ _{м.б.}
	Сәуір 2025 ж.	Сәуір 2026 ж.	
Өскемен қ.	Көтеріңкі СИ=3,0 ЕЖҚ=14	Жоғары СИ=4,2 ЕЖҚ=28	күкірт диоксиді (4,2 ШЖШ _{м.б.}), көміртегі оксиді (1,6 ШЖШ _{м.б.}), азот диоксиді (1,1 ШЖШ _{м.б.}), күкіртсутегі (3,8 ШЖШ _{м.б.}), фенол (1,3 ШЖШ _{м.б.}), хлорлы сутегі (1,95 ШЖШ _{м.б.})
Риддер қ.	Төмен СИ=1,3 ЕЖҚ=0	Жоғары СИ=3,16 ЕЖҚ=23	күкірт диоксиді (1,6 ШЖШ _{м.б.}), азот диоксиді (3,6 ШЖШ _{м.б.})
Глубокое к.	Төмен СИ=0,5 ЕЖҚ=0	Төмен СИ=0,5 ЕЖҚ=0	
Алтай қ.	Төмен СИ=1,1 ЕЖҚ=0	Төмен СИ=1,0 ЕЖҚ=0	
Шемонаиха қ.	Төмен СИ=2,4 ЕЖҚ=1	Төмен СИ=1,5 ЕЖҚ=0	күкіртсутегі (1,5 ШЖШ _{м.б.})

Қорытынды:

Соңғы бес жыл ішінде сәуір айындағы ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:




Кестеден көріп отырғанымыздай, 2022-2024 жылдардағы көтеріңкі деңгейді қоспағанда қаралып отырған кезеңнің сәуір айында Өскемен қаласында атмосфералық ауаның ластану деңгейі жоғары болып қалды.

Атмосфераны ластайтын негізгі көздер өнеркәсіптік шығарындылар мен автокөліктер болып табылады. Өнеркәсіптік кәсіпорындар, соның ішінде ЖЭС, металлургиялық және химия зауыттары, күкірт диоксиді, азот оксиді және т.б. сияқты зиянды заттарды шығарады.

Атмосфералық ауаның ластануының қалыптасуына ауа райы жағдайлары да әсер етеді, сондықтан 2026 жылдың сәуір айында 5 күн (02, 03, 04, 07, 08 сәуір) ҚМЖ болды. Қалада екпіні 2-10 м/с орташа жел соқты. 06, 13-17, 23, 24 сәуірде 0,1-ден 15 мм-ге дейін жауын-шашын (жаңбыр) болды.

Риддер қаласында соңғы 5 жылдағы атмосфералық ауаның ластану деңгейінің өзгеруі:




Риддер қаласындағы атмосфералық ауаның ластану динамикасы әртүрлі бағытталған, 2026 жылдың сәуірінде ол жоғары деңгейде болды.

2026 жылғы сәуірде Риддер қаласында 5-11 м/с қалыпты желмен ауа райы басым болды. Жауын-шашын (негізінен жаңбыр) 0,1-ден 11 мм-ге дейін 06, 11, 13-17, 24, 27 сәуірде болды.

ҚМЖ-мен күндер бақыланбады.

Глубокое кентінде соңғы 5 жылдағы атмосфералық ауаның ластану деңгейінің өзгеруі:




Соңғы 5 жылда сәуір айындағы ластану деңгейі төмен болып қалды.

Алтай қаласында соңғы 5 жылдағы атмосфералық ауаның ластану деңгейінің өзгеруі:



Кестеден көрініп тұрғандай, соңғы 5 жылда сәуір айында ластанудың төмен деңгейі байқалады.

Шемонаиха қаласында соңғы 5 жылдағы атмосфералық ауаның ластану деңгейінің өзгеруі:



Соңғы 5 жылда Шемонаиха қаласында жалпы ауаның ластану деңгейі төмен. Дегенмен, 2022 және 2025 жылдары ластану деңгейіне сәйкес келетін көрсеткіштердің өсуі тіркелді.

Абай облысының атмосфералық ауаның сапасына мониторингі

Абай облысы аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 6 автоматты станцияда жүргізіледі (Қосымша 2).

Жалпы облыс бойынша 6 көрсеткіш анықталады: 1) күкірт диоксиді; 2) көміртегі оксиді; 3) азот диоксиді; 4) азот оксиді; 5) күкіртсутегі; 6) озон.

Абай облысының атмосфералық ауаның сапасына мониторинг нәтижелері

Семей қаласындағы атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** деп бағаланды, ол СИ=3,8 (көтеріңкі деңгей) мәнімен азот диоксиді бойынша №1 (Найманбаев к., 189) бекет ауданында және ЕЖҚ=17% (көтеріңкі деңгей) мәнімен азот диоксиді бойынша №4 (343 квартал к., 13/2) бекет ауданында анықталды.

Аягөз қаласындағы атмосфералық ауаның ластану деңгейі **көтеріңкі** деп бағаланды, ол ЕЖҚ=3% (көтеріңкі деңгей) мәнімен күкіртсутегі бойынша және СИ=1,5 (төмен деңгей) мәнімен анықталды*.

*Қазақстан Республикасы атмосфералық ауаның ластануы мониторингісін ұйымдастыру және жүргізу" нұсқаулық-әдістемелік құжаты (15.07.2025 ж. №624-Ө бұйрығына 1-қосымша).

Әуезов кентіндегі атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деп бағаланды, ол СИ=0,7 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Нақты мәндер, сондай – ақ сапа стандарттарынан асып кету жиілігі мен асып кету жағдайларының саны 4 – кестеде көрсетілген.

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғары бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ _{м.б.} арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ _{о.т.} асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.б.} асу еселігі		%	>	>5
					ШЖШ		ЦДК	ЦДК
Семей қ.								
Күкірт диоксиді	0,0346	0,7	1,1218	2,2	3	56		
Көміртегі оксиді	0,6211	0,2	19,0235	3,8	5	142		
Азот диоксиді	0,1014	2,5	0,7674	3,8	17	662		
Азот оксиді	0,0099	0,2	0,3368	0,8				
Күкіртсутегі	0,0013		0,0216	2,7	6	144		
Озон	0,0114	0,4	0,0114	0,1				
Аягөз қ.								
Күкірт диоксиді	0,0031	0,06	0,0687	0,1				
Көміртегі оксиді	0,1659	0,06	4,4263	0,9				
Азот диоксиді	0,0400	1,0	0,0552	0,3				
Азот оксиді	0,0042		0,0119	1,5	3	59		
Әуезов к.								
Көміртегі оксиді	0,1309	0,04	2,8890	0,6				
Азот диоксиді	0,0340	0,9	0,1384	0,7				

Жоғары және экстремалды жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: Абай облысының елді-мекендерінде тіркелмеген.

2026 жылғы сәуір айындағы Абай облысында атмосфералық ауаның ластану деңгейін 2025 жылдың сәуір айымен салыстырғанда:

- өзгеріссіз — Семей қаласы мен Әуезов кентінде;
- төмен деңгейден жоғарылады — Аягөз қаласында (Кесте 5).


**Абай облысындағы ауаның ластану деңгейінің динамикасы
(2025–2026 жж. сәуір)**

Елді-мекен	Ластану деңгейі		Негізгі ластаушы заттар ШЖШ _{м.б.}
	Сәуір 2025 ж.	Сәуір 2026 ж.	
Семей қ.	Көтеріңкі СИ=2,1 ЕЖҚ=1	Көтеріңкі СИ=3,8 ЕЖҚ=17	күкірт диоксиді (2,2 ШЖШ _{м.б.}), көміртегі оксиді (3,8 ШЖШ _{м.б.}), азот диоксиді (3,8 ШЖШ _{м.б.}), күкіртсутегі (2,7 ШЖШ _{м.б.})
Аягөз қ.	Төмен СИ=0,9 ЕЖҚ=0	Көтеріңкі СИ=1,5 ЕЖҚ=3	күкіртсутегі (1,5 ШЖШ _{м.б.}),
Әуезов к.	Төмен	Төмен	

	СИ=0,5 ЕЖҚ=0	СИ=0,7 ЕЖҚ=0	
--	-----------------	-----------------	--

Қорытынды:

Семей қаласында соңғы 5 жылдағы атмосфералық ауаның ластану деңгейінің өзгеруі:




Семей қаласының ауасының ластану динамикасы әртүрлі бағытты өзгерістермен сипатталады; 2026 жылдың сәуірінде ластанудың көтеріңкі деңгейі байқалды.

2026 жылғы сәуірде Семейде 3-12 м/с қалыпты желмен ауа райы басым болды. 15 м/с екпінді жел 10 сәуірде күндіз байқалды. Жауын-шашын (негізінен жаңбыр) 0,1-ден 3 мм-ге дейін 05, 06, 10, 13, 16, 23, 24, 27 сәуірде болды.


ҚМЖ-мен күндер бақыланбады.

Аягөз қаласында соңғы 5 жылдағы атмосфералық ауаның ластану деңгейінің өзгеруі:



Аягөз қаласында атмосфералық ауаның ластану динамикасы әртүрлі бағытталған, 2022 және 2026 жылғы сәуір айында көтеріңкі деңгей болып бағаланды.

Әуезов кентінде соңғы 5 жылдағы атмосфералық ауаның ластану деңгейінің өзгеруі:



Соңғы үш жылдағы атмосфералық ауаның ластану динамикасы сәуір айында ластану деңгейінің төмен болғанын көрсетеді.

3. Атмосфералық жауын-шашын сапасының жай-күйі

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамын бақылау жаңбыр суының іріктелген үлгілері бойынша 4 метеостанцияда (Риддер, Семей, Үлкен Нарын, Өскемен) жүргізілді.

Жауын-шашын үлгілерінде гидрокарбонаттар – 40,6 %, сульфаттар – 21,6 %, нитраттар – 2,8 %, хлоридтер – 7,0 %, кальций иондары – 14,6 %, натрий иондары – 4,99 %, калий иондары – 1,8 %, магний иондары – 3,4 %, аммоний иондары – 3,0 % көлемде басым.

6-кестеде жауын-шашындағы жекелеген ластаушы заттардың құрамының сипаттамалары көрсетілген.

Кесте 6

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Көрсеткіш	Метеостанциядағы ең төмен концентрация	Метеостанциядағы ең жоғары концентрация
Жалпы минералдану	Семей МС – 3,79 мг/дм ³	Риддер МС – 77,72 мг/дм ³
Электрөткізгіштік	Семей МС – 51,3	Риддер МС – 107,3 мкСм/см
рН (сутектік көрсеткіш)	Өскемен МС – 6,16	Риддер МС – 7,49
Аниондар, мг/л		
Сульфаттар (SO ₄)	Семей МС – 7,10	Өскемен МС – 11,34

Хлоридтер (Cl)	Риддер МС – 2,32	Семей МС – 3,51
Нитраттар (NO ₃)	Өскемен МС – 0,91	Риддер МС – 2,03
Гидрокарбонаттар (HCO ₃)	Өскемен МС – 6,47	Риддер МС – 43,74
Катиондар, мг/л		
Аммоний (NH ₄)	Семей МС – 0,30	Үлкен Нарын МС – 2,78
Натрий (Na)	Үлкен Нарын МС – 2,08	Өскемен МС – 2,35
Калий (K)	Өскемен МС – 0,70	Риддер МС – 0,97
Магний (Mg)	Үлкен Нарын МС – 0,73	Риддер МС – 3,26
Кальций (Ca)	Үлкен Нарын МС – 3,98	Риддер МС – 12,42
Микроэлементтер, мкг/л		
Қорғасын (Pb)	Үлкен Нарын МС – 0,22	Риддер МС – 3,34
Мыс (Cu)	Өскемен МС – 0,96	Семей МС – 3,86
Күшәла (As)	Үлкен Нарын МС – 0,0	Семей МС – 0,64
Кадмий (Cd)	Үлкен Нарын МС – 0,0	Риддер МС – 0,13

4. Жерүсті сулары сапасының жай-күйі

Шығыс Қазақстан және Абай облыстары бойынша жерүсті суларының сапасына бақылау **11** су объектісінің (Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Брекса, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Оба, Еміл, Аягөз, Үржар өзендерінде) **30** тұстамасында жүргізілді.

Жерүсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының **48** физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталады: *температура, қалқыма заттар, түсі, мөлдірлігі, сутегі көрсеткіші (pH), еріген оттегі, ОБТ₅, ОХТ, құрамында тұз бар негізгі иондар, биогенді элементтер, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар, пестицидтер.*

Шығыс Қазақстан және Абай облыстары аумағында **гидробиологиялық (токсикологиялық) көрсеткіштер** бойынша жерүсті суларының су сапасы мониторингі 9 су объектісінде (Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Брекса, Тихая, Оба, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Еміл) 26 тұстамада жүргізілді. Зерттелетін объектідегі судың өткір уыттылығын анықтауға 26 сынама сараланды. Перифитон және макрозообентос көрсеткіштері бойынша 26 сынамадан, фитопланктон мен зоопланктон көрсеткіштері бойынша бір сынамадан сараланды.

Шығыс Қазақстан облысы және Абай облысы аумағындағы жерүсті суларының мониторингі нәтижелері

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Жерүсті су объектілеріндегі және (немесе) олардың учаскелеріндегі су сапасын сыныптаудың бірыңғай жүйесі» (ҚР СРИМ 04.06.2025 жылғы № 111-НҚ бұйрығы) (бұдан әрі – Бірыңғай жіктеме) болып табылады.

Су объектілерінің су сапасы Бірыңғай сыныптау бойынша келесідей бағаланады:

су объектісінің атауы	су сапасының сыныбы сәуір 2025 жыл	су сапасының сыныбы сәуір 2026 жыл	параметрлері	өлшем бірлігі	концентрация
Қара Ертіс өзені	6 – сынып (жоғары ластанған)	6 – сынып (жоғары ластанған)	қалқыма заттар	мг/дм ³	165
Ертіс өзені	4 – класс (ластанған)	4 – класс (ластанған)	қалқыма заттар	мг/дм ³	13,0
			мырыш	мг/дм ³	0,0142
Бұқтырма өзені	4 – класс (ластанған)	6 – сынып (жоғары ластанған)	жалпы темір	мг/дм ³	0,64
Брекса өзені	6 – сынып (жоғары ластанған)	6 – сынып (жоғары ластанған)	жалпы темір	мг/дм ³	0,74
Тихая өзені	6 – сынып (жоғары ластанған)	6 – сынып (жоғары ластанған)	жалпы темір	мг/дм ³	0,58
			мырыш	мг/дм ³	0,099
Үлбі өзені	6 – сынып (жоғары ластанған)	6 – сынып (жоғары ластанған)	қалқыма заттар	мг/дм ³	36,6
			мырыш	мг/дм ³	0,074
Глубочанка өзені	6 – сынып (жоғары ластанған)	6 – сынып (жоғары ластанған)	қалқыма заттар	мг/дм ³	142
			мырыш	мг/дм ³	0,122
Красноярка өзені	6 – сынып (жоғары ластанған)	6 – сынып (жоғары ластанған)	қалқыма заттар	мг/дм ³	162
			мырыш	мг/дм ³	0,153
Оба өзені	4 – класс (ластанған)	5 – класс (өте ластанған)	мырыш	мг/дм ³	0,040
Еміл өзені	6 – сынып (жоғары ластанған)	6 – сынып (жоғары ластанған)	қалқыма заттар	мг/дм ³	280
Аягөз өзені	6 – сынып (жоғары ластанған)	6 – сынып (жоғары ластанған)	қалқыма заттар	мг/дм ³	24,8
Үржар өзені	6 – сынып (жоғары ластанған)	6 – сынып (жоғары ластанған)	қалқыма заттар	мг/дм ³	629
			жалпы темір	мг/дм ³	0,52

7-кестеде көрсетілгендей, 2025 жылғы сәуір айымен салыстырғанда Қара Ертіс, Ертіс, Брекса, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Еміл, Аягөз, Үржар өзендерінің су сапасы - айтарлықтай өзгермеді.

Бұқтырма өз. 4 сыныптан 6 сыныпқа, Оба өз. 4 сыныптан 5 сыныпқа ауысты

су сапасы – нашарлады.

Шығыс Қазақстан және Абай облыстарындағы су объектілеріндегі негізгі ластанушы заттар – мырыш, жалпы темір, қалқыма заттар.

Жоғары және экстремалды жоғары ластану жағдайлары

2026 жылғы сәуір айында Шығыс Қазақстан облысының аумағында мынадай жоғары ластану жағдайлары (ЖЛ) анықталды: Брекса өзені – жалпы темір құрамы бойынша 2 ЖЛ жағдайы, Үлбі өзені - мырыш құрамы бойынша 1 ЖЛ жағдайы, Тихая өзені – мырыш және жалпы темір құрамдары бойынша 2 ЖЛ жағдайы, Бұқтырма өзені – жалпы темір құрамы бойынша 2 ЖЛ жағдайы.

Шығыс Қазақстан облысындағы су объектілерінің тұстамалар шегіндегі су сапасы бойынша ақпарат 3 – қосымшада көрсетілген.

Абай облысындағы су объектілерінің тұстамалар шегіндегі су сапасы бойынша ақпарат 4 – қосымшада көрсетілген.

Жерүсті сулары сапасының гидробиологиялық (токсикологиялық) көрсеткіштер бойынша мәліметі 5,6 қосымшаларда берілген.

5. Гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша жерүсті суларының жай-күйі

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Су объектілерінде судың сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі» (бұдан әрі - Бірыңғай жіктеме) болып табылады.

Су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады:

су объектісінің атауы	Пантле и Букк (Синхронизациясы) сапробты индекс бойынша су сапасының сыныбы			зообентос бойынша су сапасының сыныбы	
	фитопланктон	зоопланктон	перифитон	Олигохеттер жалпы санының жер асты жәндіктерінің жалпы санына қатысы, %	Вудивис бойынша биотикалық индекс
Қара Ертіс өзені			3 сынып (2,01)		3 сынып (6,0)
Ертіс өзені			3 сынып (1,78)		3 сынып (5,7)
Бұқтырма өзені			-		2 сынып (9,0)
Брекса өзені			3 сынып (1,81)		2 сынып (8,5)
Тихая өзені			3 сынып (1,68)		4 сынып (4,0)
Үлбі өзені			3 сынып (1,77)		2 сынып (6,8)
Глубочанка өзені			3 сынып (2,08)		4 сынып (4,3)
Красноярка			3 сынып (2,0)		4 сынып (4,0)

өзені				
Оба өзені			3 сынып (1,70)	3 сынып (6,0)
Емель өзені	3 сынып (1,93)	-	3 сынып (1,89)	2 сынып (7,0)

Қара Ертіс өз. Қара Ертіс өз. алынған альгофлора 12 түрлі диатомды балдырлар және 1 түр эвгленалылар анықталды. Диатомды балдырлардың тек *Aulacoseira granulate*, *Nitzschia linearis* деген түрлері (5бал) даму көрсетті. Басқа түрлердің кездесу жиілігі 3-1 аралығында болды. Сапробты индекс 2,01, судың сапа сыныбы - III орташа ластанған сулар.

Макрозообентос құрамынан *Plecoptera*, *Diptera*, *Heteroptera* қауымдастықтарына жататын 6 таксон анықталды. Биотикалық индекс 6-ға тең, бұл сапаның III сыныбына сәйкес, су орташа ластанған.

Қара Ертіс өз. беткі суларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ, тірі дафниялар саны 100% құрады.

Ертіс өз. Ертіс өз. «шартты көрініс» тұстамасында алынған сынамада балдырлардың 13 түрі анықталды. Анықталған балдырлардың басымы диатомды балдырлар саны -12, ал жасыл балдырлардан тек 1 түр анықталды. Басым түрлерге *Navicula gracilis* жатады. Басқа түрлердің кездесу жиілігі 3-1 аралығында болды. Сапробты индекс 1,64 тең, бұл сапаның III сыныбына сәйкес орташа ластанған сулар.

«0,5 км конденсаторлы зауытының төгіндісінен төмен» тұстамадан алынған сынамада диатомды балдырлардың 12 түрі кездеседі. Даму көрсеткіші жағынан *Odontidium hyemale* (5 балл) болды. Сапробты индекс 1,67 тең, бұл сапаның III сыныбына сәйкес, орташа ластанған сулар.

Ағыс бойымен төмен «Үлбі өз. құйылысынан 3,2 км төмен» тұстамада сол жақ жағасынан алынған түрлер саны 15ке тең. Басымдылығы жағынан *Diatoma vulgare* (7 балл). Сапробты индекс 1,90 тең, бұл сапаның III сыныбына сәйкес, орташа ластанған сулар.

Осы тұстаманың оң жақ жағасынан алынған сынамада түрлер саны 8 ге тең. Барлығы да диатомды балдырлар. Басымды түрі *Symbella ventricosa* болды. Сапробты индекс 1,87 тең, сапа III сыныпқа сәйкес, орташа ластанған сулар.

«Прапорщиково ауылы шегінде» алынған сынамада балдырлардың 11 түрі айқындалды. Басымдылығы жағынан *Symbella ventricosa* (7 бал) болды. Түрлердің кездесу жиілігі 1-5 аралығында болды. Сапробты индекс 1,80 тең. Су-орташа ластанған.

Соңғы тұстамадан алынған сынамадан диатомды балдырлардың 14 түрі айқындалды. Басымдылығы жағынан *Symbella ventricosa* (7 бал) болды. Сапробты индекс 1,78 тең, бұл сапаның III сыныбына сәйкес орташа ластанған.

«Өскемен СЭС бөгетінен 0,8 км төмен» тұстамадан алынған сынамада макрозообентос құрамынан *Trichoptera*, *Diptera* дернәсілдері және *Crustacea* анықталды. Биотикалық индекс мәні 4ке тең, сапа IV сынып, сулар ластанған.

«0,5 км конденсаторлы зауытының төгіндісінен төмен» тұстамадан алынған сынамада *Trichoptera*, *Diptera*, *Crustacea*, *Turbellaria* түрлері анықталды. Биотикалық индекс мәні 5-ке тең, сапа III сынып, сулар орташа ластанған.

«Үлбі өз.құйылысынан 3,2 км төмен (01)» тұстамадан алынған сынамада су сапасы жақсы. Макрозообентос құрамынан *Plecoptera*, *Trichoptera*, *Diptera* және *Crustacea* анықталды. Биотикалық көрсеткіш мәні 7ге тең, су сапасының II сыныбына сәйкес-таза.

«Үлбі өз.құйылысынан 3,2 км төмен (09)» тұстамадан алынған сынамада макрозообентос *Plecoptera*, *Ephemeroptera*, *Trichoptera*, *Diptera* және *Oligochaeta* түрлері анықталды. Биотикалық индекс 8ге тең, су сапасының II сыныбына сәйкес-таза.

Прапорщиково ауылы шегінде алынған су сынамасының сапасы III сыныпқа сәйкес орташа ластанған сулар. Биотикалық көрсеткіш мәні 5ке тең. Сынамада *Trichoptera*, *Crustacea*, *Heteroptera* түрлері анықталды.

Предгорное ауылы шегінде де алынған су сынамасының сапасы III сыныпқа сәйкес орташа ластанған сулар. Биотикалық көрсеткіш мәні 5ке тең болды.

Екі тұстамада да тест-объектілерінің өлуі тіркелді. «Өскемен қ. қала шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан 3,2 км төмен; (09) оң жағалау» тұстамада (6,7%) және Предгорное а. шегінде тұстамада (10,0%). Ертіс өзенінің басқа тұстамаларында тірі дафниялар 100% құрады.

Бұқтырма өз. «Лесная Пристань ауылы шегінде» және «Зубовка ауылы шегінде» орналасқан тұстамаларда өзендердің мерзімдік тасуына байланысты түрлердің дамуы қалыптаспаған. Екі тұстамадан да сапробты индексті анықтауға мүмкіндік болмады.

Бұқтырма өз. «Алтай қ., Лесная пристань а. шегінде; Хамир ө. құйылысынан 0,1 км төмен; (01) сол жағалау» тұстамасында бентос қауымдастығының *Plecoptera*, *Ephemeroptera*, *Trichoptera*, *Diptera larvae* түрлері кездесті. Биотикалық индексі 9ға тең, су сапасы II сыныпқа сәйкес – таза сулар.

«Зубовка аулы шегінде» өзендердің мерзімдік тасуына байланысты су сынамаларында бентос түрлері анықталмады.

Бұқтырма өз. су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ, екі тұстамада да тірі дафниялар 100% құрады.

Брекса өз. «Риддер қ., Риддер қ. шегінде; Филипповка өзені қосылысынан 0,5 км жоғары; (09) оң жағалау» тұстамадан алынған сынамасының барлық анықталған түрлері диатомдыға жатады. Сапробты индекс 1,82 тең. Судың сапасы III сыныпқа жатады, орташа ластанған сулар.

«Брекса өз. сағасынан 0,6 км жоғары» тұстамада балдырлардың 9 түрі айқындалды. Сапробты индекс 1,79 тең. Судың сапасы III сыныпқа жатады, орташа ластанған сулар.

Брекса өзенінің . «Риддер қ., Риддер қ. шегінде; Филипповка өзені қосылысынан 0,5 км жоғары; (09) оң жағалау» тұстамадан алынған сынамасының алынған сынаманың биоценоздарының құрамынан 11 таксон анықталды. Олар *Plecoptera*, *Ephemeroptera*, *Trichoptera*, *Diptera*, *Crustacea* түрлері. Биотикалық көрсеткіші 9ға тең, су сапасы II сыныпқа сәйкес таза сулар.

«Риддер қ. шегінде, Брекса өз. сағасынан 0,6 км жоғары, (09) оң жағалау» су сынамаларынан *Plecoptera*, *Ephemeroptera*, *Diptera* түрлері анықталды, биотикалық индекс мәні 8 құрады, су сапасының II сыныбына сәйкес, таза сулар.

Брекса өзенінің су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық

тіркелген жоқ. Филипповка өзені қосылысынан 0,5 км жоғары орналасқан тұстамада тірі тест-объектілер 100% құрады. Брекса өз. сағасынан 0,6 км жоғары (Риддер қ. шегінде) орналасқан тұстамада өлген тест-объектілер 6,7% құрады.

Тихая өз. Тихая өз. «Безымянный өзенінің құйылуынан 0,1 км жоғары» тұстамадан диатомдылардың 9 түрі айқындалды. Сапробты индекс 1,68 тең. Судың сапасы III сыныпқа жатады, орташа ластанған сулар.

Ағыс бойымен төмен орналасқан тұстамада түрлердің 6 кездестесті. Сапробты индекс 1,67 тең. Судың сапасы III сыныпқа жатады, орташа ластанған сулар.

Тихая өз. «Риддер қаласы шегінде; технологиялық автокөлік көпірінен 0,1 км жоғары; Безымянный бұлағының құйылысынан 0,17 км жоғары; (01) сол жағалау» тұстамасынан алынған сынамада макрозообентос құрамынан *Trichoptera*, *Diptera* және *Crustacea* 3 таксон анықталды. Биотикалық индекс мәні 4 құрады, су ластанған.

Ағыс бойымен төмен «Риддер қаласы шегінде, Тихая өз.сағасынан 8 км жоғары» алынған макрозообентос сынамасынан *Trichoptera*, *Diptera* және *Crustacea* 3 таксон анықталды. Биотикалық индекс мәні 4 құрады, су сапасының IV сыныбына сәйкес, ластанған сулар.

Тихая өз. су сынамалары тірі ағзаларға өткір уытты әсер еткен жоқ. Риддер қаласы шегінде (Безымянный бұлағының құйылысынан 0,17 км жоғары) орналасқан тұстамада өлген тест-объектілер 33,3% құрады, ағыс бойымен төмен орналасқан тұстамада өлген тест-объектілер 16,7 % құрады.

Үлбі өз (Тишинск кені). Тишинск кеніші шегінде Үлбі өз. суының сапасы «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100 м жоғары» тұстамада сапа III сыныпқа сәйкес. Сынамадан диатомды балдырлардың 9 түрі анықталды. Кездесу жиілігі 1-3 бал аралығында болды. Сапробты көрсеткіш 1,68 тең.

Тишинск кенішінің шахта сулары төгіндісінен төмен балдырлардың 7 түрі айқындалды, кездесу жиілігі 1-3 балл. Сапробты көрсеткіш мәні 1,83 тең. Судың сапасы III сыныпқа жатады.

Үлбі өз. «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100 м жоғары» тұстамадан алынған су сынамасынан макрозообентостың 5 таксоны анықталды: *Plecoptera*, *Trichoptera*, *Diptera larvae*. Биотикалық көрсеткіш 7 құрады, су сапасының II сыныбына сәйкес, таза сулар. Ағыс бойымен төмен «Риддер қ. Тишинский кенішінен 7,0 км төмен;» алынған сынамада макрозообентостың даму деңгейі су сапасының II сыныбына сәйкес келді, сулар таза. Бұл жерден *Plecoptera*, *Trichoptera*, *Diptera* дернәсілдері анықталды.

Тишинский кеніші ауданынан алынған Үлбі өзенінің су сынамаларын биотестілеу нәтижесінде өткір уыттылық тіркелген жоқ. «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100 м жоғары» орналасқан тұстамада өлген тест-объектілер 33,3% құрады, «Риддер қ. Тишинский кенішінен 7,0 км төмен» тұстамада өлген тест-объектілер 26,7% құрады.

Үлбі өз. (Өскемен қ.). Үлбі өз. . «Өскемен қ. Каменный карьер к. шегінде; су өлшеу бекетінде; (01) сол жағалау» диатомды балдырлардың 6 түрі анықталды, кездесу жиілігі 1-3 балл. Сапробты көрсеткіш мәні 1,68 тең. Судың сапасы III сыныпқа жатады, орташа ластанған сулар.

«Өскемен қ. шегінде, Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары» сол жақ жаға тұстамадан алынған сынамадан диатомды балдырлардың 7 түрі және көк-жасыл балдырлардан 1 түрі анықталды. Кездесу жиілігі 1-3 аралығында болды. Сапробты көрсеткіш 2,00 тең, су сапасының III сыныбына сәйкес, орташа ластанған сулар.

Оң жақ жағасынан алынған сынамада диатомды балдырлардың 10 түрі айқындалды. Сапробты көрсеткіш 1,66 тең, су сапасының III сыныбына сәйкес, су орташа ластанған.

Үлбі өз. «Өскемен қ. Каменный карьер к. шегінде; су өлшеу бекетінде; (01) сол жағалау» тұстамадан алынған сынамадан судың сапасы II сыныпқа сәйкес келді, сулар таза. Биотикалық индекс мәні 7 құрады. Макрозообентос құрамынан *Plecoptera*, *Ephemeroptera*, *Diptera larvae* және *Heteroptera* қауымдастықтарының 6 таксоны анықталды.

«Өскемен қ. шегінде, Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары» сол жақ жаға тұстамадан алынған сынамадан су сапасы III сыныппен бағаланды, орташа ластанған сулар. Сынамада *Plecoptera*, *Diptera*, *Heteroptera* түрлері болды. Биотикалық индекс мәні 6 тең. Оң жақ жағадан алынған сынамада биотикалық индекс мәні 6 құрады, сапа III сыныпқа сәйкес орташа ластанған сулар. Су түбі жәндіктерінен *Plecoptera*, *Diptera* дернәсілдері және *Heteroptera* анықталды.

Өскемен қаласы шегінде алынған Үлбі өзенінің су сынамалары өткір уытты әсер көрсетпеді. Каменный Карьер кентінде орналасқан «шартты фондық» тұстамада тірі дафниялар саны 100% құрады. «Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен» тұстамасының сол жағалауында тест-объектілер өлімі 10,0%, ал оң жағалауында-6,7% құрады.

Глубочанка өз. Глубочанка өз. шартты тұстамадан алынған сынамада диатомды балдырлардың 12 түрі анықталды. Басымдылық танытқан *Diatoma vulgare* (7 балл), *Nitzschia palea* (7 балл). Сапробты индекс 2,03, сапа III сынып.

